КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жыл 24 шілде №7119-24-00-2/8749 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Хасанова,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Ғабдоллин Серік Амангелдіұлы» дара кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану,
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіру;

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық кәсіпорнының жауапкер дара кәсіпкер Ғабдоллин Серік Амангелдіұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер Ғабдоллин Серік Амангелдіұлы дара кәсіпкер ЖСН 971025350521 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Ғабдоллин Серік Амангелдіұлы дара кәсіпкерден ЖСН 971025350521 «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық кәсіпорнының пайдасына 5 474 (бес мың төрт жүз жетпіс төрт) теңге тұрақсыздық айыбын және 164 (бір жүз алпыс төрт)

Құжатқа қол қойылған: Хасанова Э. Е., 24.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.09.2024, судья Хасанова Э. Е., 04.09.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

теңге мемлекеттік баж, мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Хасанова Э.Е.

Құжатқа қол қойылған: Хасанова Э. Е., 24.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.09.2024, судья Хасанова Э. Е., 04.09.2024